## 2013 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Қостанай облысы Жітіқара ауданы 2012 жылғы 10 желтоқсандағы № 790 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 10 қаңтарда № 3981 тіркелді

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабының 5) тармақшасына, 20-бабының 5-тармағына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысымен бекітілген, Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландырудың ережесінің 6, 7, 8-тармақтарына сәйкес Жітіқара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Қостанай облысы Жітіқара ауданы әкімдігінің 24.10.2013 № 555 қаулысымен(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Бекітілсін:

1) 2013 жылға арналған қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылатын ұйымдардың қоса берілген тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемдері;

2) қоғамдық жұмыстардың нақты жағдайлары: қоғамдық жұмыстарға бір қатысушының жұмыс уақытының ұзақтығы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен қарастырылған шектеулерді ескере отырып, аптасына 40 сағаттан артық емес, екі демалыс күнімен, бір сағаттан кем емес түскі үзіліспен;

3) қоғамдық жұмыстарға қатысушылардың еңбегіне төленетін ақысы аудандық бюджет қаражаттары есебінен айына ең төменгі айлық жалақының бір жарым мөлшерінде.

2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген мөлшерде әлеуметтік салықты және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды төлеуге, жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының пайдаланылмаған күндері үшін өтемақы төлемдеріне, қоғамдық жұмыстардың қатысушыларына тиесілі жалақыны есептеу және төлеу бойынша екінші деңгейдегі банктердің қызметтеріне комиссиялық сыйақы төлеуге арналған шығындар аудандық бюджет қаражаты есебінен өтелетіні белгіленсін.

3. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру "Жітіқара ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен қолданыстағы заңнамаға сәйкес жасалған қоғамдық жұмыстарды орындау шартында көрсетілген жағдайларда жүргізілсін.

4. "Жітіқара ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық,

жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулымен бекітілген ұйымдармен көрсетілетін жұмыстар мен қызметтерге ақы төлеу кезінде қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемдерін ескерсін.

5. Қаулының орындалуын бақылау Жітіқара ауданы әкімінің орынбасары А.А. Алиферецке жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жітіқара ауданының әкімі* *Қ. Испергенов*

*КЕЛІСІЛГЕН:*

*"Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі Салық комитетінің Қостанай облысы бойынша салық департаментінің Жітіқара ауданы бойынша салық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы*

*___________________ Б. Макашев*

*"Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Қостанай облысы Әділет департаментінің Жітіқара ауданының әділет басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы*

*___________________ Е. Миниченко*

*"Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі сот актілерін орындау Комитеті Қостанай облысы бойынша сот актілерін орындау Департаменті Жітіқара ауданының ауданаралық аумақтық бөлімі" филиалының бөлім бастығы– аға сот орындаушысы*

*___________________ Е. Раисов*

Әкімдіктің 2012 жылғы 10 желтоқсандағы № 790 қаулысымен бекітілген

## 2013 жылға арналған қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылатын ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемдері

Ескерту. Тізбеде бүкіл мәтін бойынша "селолық", "селосы" деген сөздер "ауылдық", "ауылы" деген сөздермен ауыстырылды - Қостанай облысы Жітіқара ауданы әкімдігінің 24.10.2013 № 555 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

| № | Ұйымның атауы | Қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемдері |
|---|---|---|
| 1 | "Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Қостанай облысы Әділет департаментінің Жітіқара ауданының әділет басқармасы" мемлекеттік мекемесі | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, техникалық жұмыстар жүргізуде күнделікті көмек көрсету-9840 сағат |
| 2 | "Жітіқара ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, техникалық жұмыстар жүргізуде күнделікті көмек көрсету-5904 сағат |
| 3 | "Жітіқара ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, техникалық жұмыстар жүргізуде күнделікті көмек көрсету-9840 сағат |
| 4 | "Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі Салық комитетінің Қостанай облысы бойынша салық департаментінің Жітіқара ауданы бойынша салық басқармасы" мемлекеттік мекемесі | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, техникалық жұмыстар жүргізуде күнделікті көмек көрсету-9840 сағат |
| 5 | Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі сот актілерін орындау Комитеті Қостанай облысы бойынша сот актілерін орындау Департаменті "Жітіқара ауданының ауданаралық аумақтық бөлімі" филиалы | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, техникалық жұмыстар жүргізуде күнделікті көмек көрсету-9840 сағат |
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін |

| | | |
|---|---|---|
| 6 | "Жітіқара ауданының Большевик ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | талап етпейтін, Тургеновка ауылы аумағын жинауда, абаттандыру мен көгалдандыруда күнделікті көмек көрсету-5040 сағат |
| 7 | "Жітіқара ауданының Пригородный ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Пригородный ауылы аумағын жинауда, абаттандыру мен көгалдандыруда күнделікті көмек көрсету-7872 сағат |
| 8 | "Жітіқара ауданының Шевченковка ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Шевченковка ауылы аумағын жинауда, абаттандыру мен көгалдандыруда күнделікті көмек көрсету-3328 сағат |
| 9 | "Жітіқара ауданының Тоқтаров ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Тоқтаров ауылы аумағын жинауда, абаттандыру мен көгалдандыруда күнделікті көмек көрсету-4032 сағат |
| 10 | "Жітіқара ауданының Забеловка ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Забеловка ауылы аумағын жинауда, абаттандыру мен көгалдандыруда күнделікті көмек көрсету-5920 сағат |
| 11 | "Жітіқара ауданының Волгоград ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Волгоград ауылы аумағын жинауда, абаттандыру мен көгалдандыруда күнделікті көмек көрсету-3328 сағат |
| 12 | "Жітіқара ауданының Ырсай ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Ырсай ауылы аумағын жинауда, абаттандыру мен көгалдандыруда күнделікті көмек көрсету-7872 сағат |
| 13 | "Жітіқара ауданының Чайковский ауылы | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Чайковский ауылы аумағын жинауда, |

| | | |
|---|---|---|
| | әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | абаттандыру мен көгалдандыруда күнделікті көмек көрсету-3328 сағат |
| 14 | "Жітіқара ауданының Степной ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Степной ауылы аумағын жинауда, абаттандыру мен көгалдандыруда күнделікті көмек көрсету-3328 сағат |
| 15 | "Жітіқара ауданының Милютин ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Милютин ауылы аумағын жинауда, абаттандыру мен көгалдандыруда күнделікті көмек көрсету-3328 сағат |
| 16 | "Жітіқара ауданының Приречный ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Приречный ауылы аумағын жинауда, абаттандыру мен көгалдандыруда күнделікті көмек көрсету-3328 сағат |
| 17 | "Жітіқара ауданының Тимирязев ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Тимирязев ауылы аумағын жинауда, абаттандыру мен көгалдандыруда күнделікті көмек көрсету-3328 сағат |
| 18 | "Жітіқара ауданының Аққарға ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Аққарға ауылы аумағын жинауда, абаттандыру мен көгалдандыруда күнделікті көмек көрсету-5880 сағат |
| 19 | "Береке" пәтер иелерінің тұтыну кооперативі | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, 5в шағын ауданы аумағын абаттандыру мен көгалдандыруда күнделікті көмек көрсету-19680 сағат |
| 20 | "Надежда" пәтер иелерінің тұтыну кооперативі | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, 7 шағын ауданы аумағын абаттандыру мен көгалдандыруда күнделікті көмек көрсету-19680 сағат |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 21 | "Жастар" пәтер иелерінің тұтыну кооперативі | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, 11 шағын ауданы аумағын абаттандыру мен көгалдандыруда күнделікті көмек көрсету-19680 сағат |
| 22 | "Родник" пәтер иелерінің тұтыну кооперативі | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, 6 шағын ауданы аумағын абаттандыру мен көгалдандыруда күнделікті көмек көрсету-19680 сағат |
| 23 | "Орион-4" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, 4 шағын ауданы аумағын абаттандыру мен көгалдандыруда күнделікті көмек көрсету-19680 сағат |
| 24 | "Байпас" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, 2 шағын ауданы аумағын абаттандыру мен көгалдандыруда күнделікті көмек көрсету-19680 сағат |
| 25 | "Жасыл ел-2008" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Жітіқара қаласының аумағын көгалдандыру мен абаттандыруда күнделікті көмек көрсету-98400 сағат |
| 26 | Жеке кәсіпкер Руслан Юрисович Мамедов | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Жітіқара қаласының аумағын жинауда күнделікті көмек көрсету-39360 сағат |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК